FТАМР 03.20.00 https://doi.org/10.26577/JH.2023.v110.i3.09

**Ж.А. Әкімбек**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: akimbekzhanibek@gmail.com

# РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНДЕГІ ИСЛАМҒА ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ: ПОСТКЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТАРИХНАМАСЫ

Қазіргі посткеңестік республикалар тарихнамасында Түркістан өлкесінің өзіндік орны бар. Өйткені Түркістан – Ресей империясының құрамына енген соңғы өңірлердің бірі және мұнда ислам институттары мен мұсылмандарға қатысты ерекше саясат жүргізілді. Сәйкесінше, Ресей империясының Түркістан өлкесіндегі исламға қатысты саясатының Қазақстан, Ресей және Орталық Азия мемлекеттерінің тарихнамасында көрініс алуын тарихнамалық шолу жасау, қалыптасқан зерттеу бағыттарын саралау мақаланың мақсаты. Тарихи-салыстырмалы, герменевтикалық, жүйелілік және проблемалық әдістердің көмегімен зерттеу еңбектерінің мазмұны ашылып, ортақ және ерекше тұстары анықталады.

Біз ғалымдардың еңбектерінде исламды елемеу саясатының оң тұстарымен қатар, астарлы және теріс аспектілерінің зерделенуі, уақыптық жерлер мен білім беру орындарының жағдайы және мұсылман діни қызметкерлер мәртебесінің талдану деңгейін қарастырамыз. Сонымен қатар зерттеу жұмыстарында патша өкіметі орыс шаруаларын Түркістан өлкесінде қоныстандыру арқылы жергілікті мұсылман халықтарын мәдени ассимиляциялау мен шоқындыруды көздегені негізделеді. Сарапшылар Ресей империясының исламға қатысты саясаты құбылмалы және түрлі геосаяси факторлармен байланысты болғанын ашады. Посткеңестік тарихшылар отаршылдық жағдайында ислам институттарының дағдарысқа түсуі және әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ушығуы Әндіжан көтерілісінің басты себептері екенін көрсетеді. Қорытындыда қарастырылып отырған мәселенің тарихнамалық нәтижелері жасалып, ортақ тұжырымдармен әлі де пікірталас тудырып отырған тұстары белгіленеді. Сондай-ақ мәселені одан әрі зерттеуді қажет ететін проблемалық тұстары көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** Ислам, Ресей империясы, Түркістан өлкесі, посткеңестік тарихнама, ғылыми көзқарастар, діни институттар.

Z.A. Akimbek

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: akimbekzhanibek@gmail.com

## The policy of the Russian Empire toward Islam in Turkestan: historiography of post-Soviet countries

Turkestan has a specific place in the modern historiography of the post-Soviet republics since this region is one of the last territorial acquisitions of the Russian Empire. Therefore, the Russian officials pursued a unique policy regarding the institutions of Islam and the Muslim population here. The purpose of the article is a historiographical review of the works devoted to the policy of the Russian Empire towards Islam in Turkestan. The use of historical-comparative, hermeneutic, systemic, and problematic methods allows for the analysis content of research works and clarifies general and specific aspects of the problem.

We evaluate the extent of research on the positive, negative, and concealed aspects of the policy of ignoring Islam in scholarly literature. Additionally, the paper analyzes the extent to which works cover the legal status of waqf lands, Muslim educational institutions, and the position of the clergy. According to some researchers, the emigration of Russian peasants to Turkestan was used to realize cultural assimilation and the baptism of the Muslim people. Experts dicscover the policy of the Russian Empire towards Islam was unstable and linked with various geopolitical factors. Post-Soviet historians consider the complication of socio-economic relations and the decadence of Muslim institutions as the main reasons for the Andijan uprising of 1898. In the conclusion, the historiographical results of the problem are summed up, general results and disputable sides of the issue under consideration are analyzed. Besides the problematic aspects of the topic under consideration are indicated for the purpose of further study.

**Key words:** Islam, Russian Empire, post-Soviet historiography, scientific views, Turkestan, religious institutes.

 © 2023 Al-Farabi Kazakh National University

Ж.А. Акимбек
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: akimbekzhanibek@gmail.com

## Политика Российской империи в отношении ислама в Туркестанском крае: современная историография постсоветских государств

Туркестанский край имеет особое место в современной историографии постсоветских республик, так как данный регион является одним из последних территориальных приобретений Российской империи. Поэтому здесь проводилась своя неповторимая политика в отношении институтов ислама и мусульманского населения. Целью статьи является историографический обзор трудов, посвященных политике Российской империи в отношении ислама в Туркестане. С помощью историко-сравнительного, герменевтического, системного и проблемного методов раскрывается не только содержание исследовательских работ, но и выявляются общие и специфические стороны.

Нами рассматривается степень изученности положительных, отрицательных и скрытых аспектов политики игнорирования ислама, а также освещение правового положения вакуфных земель, мусульманских учебных заведений и статуса духовенства в научных трудах. Кроме того, переселенческая политика рассматривается как способ культурной ассимиляции и христианизации мусульман края. Экспертами выявляется, что политика Российской империи в отношении ислама была нестабильной и связана с различными геополитическими факторами. Постсоветские историки рассматривают ухудшение социально-экономических отношений и кризис мусульманских институтов в качестве главных причин Андижанского восстания 1898 года. В заключении подводятся историографические результаты рассматриваемой проблемы, намечаются общие выводы и дискуссионные стороны данного вопроса. Кроме того, указываются проблемные узлы данной темы с целью дальнейшего их изучения.

**Ключевые слова:** Ислам, Российская империя, Туркестанский край, постсоветская историография, научные взгляды, религиозные институты.

## Кіріспе

Өткен шақ қазіргі қоғамның дамуына әсер ететіні белгілі. Кеңестік кезеңде салтанат құрған марксистік-лениндік идеология Орталық Азия халықтарының тарихын зерттеуде шектеулер қойып, жалған қате тұжырымдар қалыптастырды. Нақтырақ айтқанда, жергілікті этностардың рухани мәдениетінің өмірінде ислам дінінің алатын орны мен маңызы түрлі мифтер мен таптауырындар арқылы барынша төмендетілді. КСРО ыдырауы жоғарыда аталған мәселелердің толық әрі объективті зерттелуіне жол ашып, жаңа, іргелі еңбектер, ғылыми мақалалардың жазылуына мүмкіндік туғызды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан ғалымдары ұлт тарихындағы ислам проблематикасына бетбұрыс жасап, едәуір жетістіктерге жетті (Нуртазина, 2021) Ресей империясының Түркістан өлкесіндегі исламға қатысты саясаты Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, т.б. елдердің сарапшыларының жаңа жарияланымдарында анық көрініс тапты. Қарастырылып отырған мәселе посткеңестік тарихнамада ертеден өзіндік орынға ие болғандықтан, патшалықтың мұсылмандарға қатысты діни саясатының мән-мағынасын әр түрлі ракурстардан, әдістемелік тұрғыдан ашып көрсету ғылыми талпыныстары байқалады. Әсіресе, фон Кауфманның ислам істеріне араласпау саясаты әрқалай түсіндірілуде. Ресейлік тарихшылардың көбі бұл саясат патша билігінің мұсылмандардың өміріне араласпауын тура әрі жағымды мағынада түсінсе, ортаазиялық тарихшылар мұны отаршылдықтың бір көрінісі немесе уақытша айла ретінде бағалайды. 1898 жылы патша өкіметіне қарсы ишандар бастаған Әндіжан көтерілісі ізі суымай-ақ орыс авторлары тарапынан зерделене бастады. Қазіргі тарихшылардың жұмыстарында да осы мәселеге қайта оралу үрдісі байқалады. Көтерілістің себептері мен алғышарттарын саралау Түркістан аймағындағы отаршылдық пен ислам факторының арасындағы байланысты толығырақ түсінуге негіз болмақ.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысанын посткеңестік дәуірдің зерттеушілерінің Ресей империясының Түркістан өлкесіндегі исламға қатысты саясатына арналған еңбектері құрайды. Посткеңестік зерттеушілер арасында тақырыпқа қатысты ортақ теориялық-методологиялық тұжырымдар қалыптасқан, пікір алуандылығы да байқалады. Біз белгілі

отандық тарихшы, профессор М. Қойгелдиевтің патша билігінің отарлау саясатына қарсы ұйытқы күштің бірі ислам болғандықтан, монархияның билігі орнаған сәттен бастап орыстандыру және шоқындыру әрекеттерін қолға алды деген тезисін басшылыққа аламыз (Қойгелдиев, 2004). Осы объективті ұстаным отандық ғалымдар С. Рүстемов және З. Сәдуақасова тарапынан да империя шенеуніктері әрдайым мұсылмандардың ішкі өмірін қатаң бақылауда ұстағандығын жүйелі түрде зерттеліп, ашылып көрсетілді (Рүстемов; 1997, Садвокасова, 2005).

Исламды елемеу саясатының іс жүзінде атына заты сай болғандығы ресейлік П. Литвиновтың зерттеуінде көрініс алады. Осы тұжырымды қолдаушы тарихшылардың пікірінше, империялық өкімет мұсылмандардың ішкі өміріне қол сұқпады (Литвинов, 1998). Т. Котюкова, Б. Бабаджанов және Д. Васильев сынды мамандар аталмыш тұжырымды өрбіте келе, оның теріс тұстарына да назар аударады (Васильев, 2021; Котюкова, 2016; Бабаджанов, 2009). Мәселен, патша әкімшілігі мұсылмандардың ішкі өмірінен бейхабар болып, Әндіжан көтерілісінің күтпеген жерден бұрқ етуіне өздері мүмкіндік берді.

Посткеңестікдәуірзерттеушілерініңимперияның Түркістан өлкесіндегі исламға қатысты саясатын қарастыру қалыпты тарихнамалық ғылыми әдістеріне негізделеді. Мысалы, тарихи-салыстырмалы, герменевтикалық, т.б. жалпы ғылыми және арнайы пәнаралық әдістерге сүйеніп, патшалық биліктің Түркістан өлкесіндегі діни саясатына арналған ғылыми еңбектерге хронологиялық принцип бойынша талдау жүргізіліп, олардың маңызы мен мазмұны ашылды. Сол сияқты, тарихнамалық талдауда проблемалық тұрғыда саралау әдістемесі қолданып, авторларға тән ортақ ой-пікірлер мен ерекшеліктер тұстары анықталды. Жүйелілік принцип негізінде тақырыптың зерттелу деңгейін, пікірлер сабақтастығы, зерттеулер астарындағы дүниетанымдық парадигмалары мен жалпы сипаттамасын ашуға тырыстық. Ал ретроспективті әдіс тақырыпқа қатысты ой-пікірлердің пайда болуы себептерін, өзгеру динамикасын анықтауға көмектеседі.

## Нәтижелер мен талқылаулар

*Империялық билік жағдайындағы ислам институттары және діни элита*

Кеңестік идеология тұсында Орталық Азия халықтарының тарихы диалектикалық материализм тұрғысынан қарастырылып, аймақтағы дәстүрлі дін болып табылатын Ислам тарихына мән берілмеді. Орталық Азия халықтары ежелден мұсылман болса да, исламға дейінгі культтардың рөлі асыра бағаланып «діни синкретизм» тұжырымдамасы кеңінен тарады. Атеизация рухына сәйкес ғылыми еңбектерде молда, ишан, ахун сынды дін қызметкерлері монархияның жақтастары және реакциялық элемент (топ) ретінде бейнеленіп, теріс сипатта көрсетілді.

Ислам дінінің тарихи маңызы және империялық кезеңдегі ислам институттарын зерттеу өзектілігі туындады. Посткеңестік ғылыми кеңістіктегі зерттеушілердің еңбектерін талдау тарихнамалық дамуға қатысты сүбелі тұжырымдар мен жаңа зерттеу әдістері қалыптасқанын байқатады. Іргелі зерттеулер авторлары Ресейдің исламға қатысты саясаты түрлі факторлардың ықпалында болуы себепті іс жүзінде бірнеше кезеңнен (сатыдан) тұратынын және мазмұны бойынша күрделі динамикалық жүйе болғанын аңғартады. Жақын шетел және отандық тарихшылардың зерттеулеріне ғылыми шолу жасау демократиялық жағдайда ғалымдар осы мәселеге жаңа көзқараспен қарап, тың пікірлер ұсынып, концептуалдық өзгерістерге жол ашқанын көрсетеді.

Ресейлік тарихшылар арасында біз қарастырып отырған мәселеге алғашқылардың бірі болып көңіл аударған П. Литвинов болатын. Ол патша өкіметінің Түркістан өлкесіндегі діни саясатын «таптық теория» аясында қалыптасқан империя мен реакциялық молдалардың одағы деген пікірден өзгеше баға беретіндей белгілі талпыныс жасайды. Литвиновтың пайымдауынша, фон Кауфманның исламды елемеу саясатының негізгі мақсаты мұсылман дінбасыларын өлкені басқарудан шеттетіп, олардың саяси беделінен айыру болды. Алайда ислам институттары үнемі патша әкімшілігінің назарында болды. Автор өңірдегі саяси доктринаның тиімділігі фон Кауфманның кезінде-ақ күмән тудыра бастады деген тұжырым жасайды (Литвинов, 1998: 13-14). Жергілікті орыс әкімшілігі мешіттердің құрылысын империялық заңдар аясына кіргізу бастамасы үкімет тарапынан қолдау таппады. Себебі Санк-Петербург жергілікті мұсылмандармен қарым-қатынасын ушықтырғысы келмеді (Литвинов, 1998: 15).

Ресей тарихнамасында атақты профессор Д.Ю. Араповтың орны ерекше. Тарихшының докторлық диссертациясы Ресей империясының

ислам діні мен мұсылман халықтарына қатысты саясатының эволюциясы және өзгеру динамикасына арналған. Ғалым Түркістан өлкесінде Кауфман негізін салған саясаттың монархияның құлауына дейін сақталғандығын және «мұсылман мәселесінің» түбегейлі шешілмегендігін атап өтеді (Арапов, 2005). Ғалымның бастамасымен 2006 жылы «Императорская Россия и мусульманский мир» атты құжаттар жинағы жарияланды. Бұл жинақ Ресей тарихнамасында айтулы оқиға болды. Бұл жинаққа генерал-губернатор С. Духовскойдың ислам мен мұсылман конфессиясына қатысты тұжырымы, ориенталист В. Наливкиннің мұсылман әлемінде болып жатқан процестер, Түркістан өлкесінде жеке мұсылман діни мекемесін құру және Орталық Азиядағы мұсылман қозғалысы жайлы құжаттар кіргізілген (Императорская Россия и мусульманский мир, 2006).

Қазіргі заманғы тарихшылар патшалық биліктің Түркістан өлкесіндегі исламға қатысты саясаты өңірдің алғашқы генерал-губернаторы К.П. фон Кауфманның «исламды елемеу» доктринасы аясында жүзеге асырылғандығымен толық келіседі. Сондай-ақ, аталмыш модельдің қалыптасуына император II Александрдың фон Кауфманға жеке-дара билік өкілеттігін беруі де тікелей ықпал еткендігімен байланыстырады. Ресей және Өзбекстан ғалымдарының бірлесе отырып жазған монографиясында Түркістан генерал-губернаторы фон Кауфман жергілікті мұсылман өкілдерімен ресми түрде қарым-қатынасты ушықтырмауға тырысқанымен, іс жүзінде олардың әрбір қадамын назардан таса етпей, тосқауылдар қойып отырғандығы дәлелденеді (Мухаметшин, 2013: 79-80). Белгілі ресейлік тарихшы Б.Н. Миронов Түркістан мұсылмандары діни басқармасының құрылмауы патша өкіметіне қарсы күштердің консолидациясына мүмкіндік бермеді деп есептейді. Өйткені мұсылман діни қызметкерлерінің ресми лауазымдарды иеленуі олардың беделін өсіруі мүмкін еді (Миронов, 2017: 166).

Ресейлік тарихшы Д. Васильев болса, фон Кауфманның діни саясатын «оң нейтралитет» деп сипаттайды. Патша билігі тарапынан өлкедегі ислам институттары саяси күш ретінде қарастырылмаса да, қатаң бақылауда болды. Осының нәтижесінде империялық әкімшілік мұсылман дінбасыларымен келісімге келмеуі сопылықтың қарапайым мұсылмандар арасында кең таралуына жағдай жасап, отаршыл билікке қарсы бағытталған тенденциялардың өріс алуына жол ашты (Васильев, 2021: 108-109). Сондай-ақ, автор исламды елемеу саясаты монархияның құлауына дейін жалғасты деп есептейді. Десе де, XX ғасырдың басынан бастап патша шенеуніктері жәдидизмге тосқауыл қою мақсатында қадимшіл мұсылман дінбасыларына астыртын қолдау көрсетілгендігі айтылады (Васильев, 2021: 115).

Түркістандағы елемеу саясатының отырықшы және көшпелі мұсылман халықтарына бағытталған екі нұсқасы болды. Ресейлік тарихшы Т. Котюкованың ойынша, әр нұсқаның өзіндік іске асыру стратегияларынан құралды. Себебі Түркістан өлкесін басқару ережесінде мұсылмандардың рухани істерін қадағалайтын арнайы баптар болған жоқ (Котюкова, 2019: 81-82). Патша билігі көшпелі мұсылмандар қатарына жатқызған қазақтар мен түрікмендер арасында татар және ортаазиялық молдалардың үгіт-насихат жасауына және дау-дамайларды шариғат нормалары негізінде шешуге тыйым салды (Котюкова, 2019: 84-85). Алайда қазақтарды исламнан шектетіп, христиан дінін тарату бастамасы сәтсіздікпен аяқталды. Котюкова мұның себебін халық арасында сопылықтың кең тамыр жаюымен байланыстырады (Котюкова, 2019: 93).

Ресей империясының исламға қатысты саясаты «The Cambridge history of Russia» атты ұжымдық монографияда орын тапты. Осы бөлімге жауапты ресейлік тарихшы Александр Бобровниковтың пікірінше, патша өкіметі ресми түрде жарияланған саясатына қарамастан, мұсылмандардың көтеріліске шығуынан үрейленіп, уақыптық жерлер, киелі орындар мен сопыларды өз бақылауында ұстады. Қалаларда дәруіштердің уағыз жасауына және зікір салуына тыйым салынды. Түркістан өлкесіндегі ислам институттары полициялық тәртіп жағдайында болды (Bobrovnikov, 2006: 215-216).

Түркістан өлкесінде жүргізілген діни саясаттың сәтсіздігі мұсылман қауымы наразылығының өсуіне әсері М. Шушкова, С. Брежнева, С. Бороздин, А. Бахтурина сынды ресейлік тарихшылардың зерттеулерінде қарастырылады (Бахтурина, 2004; Бороздин, 2012; Шушкова, 2015; Брежнева, 2015). Ресейлік тарихшылар Кауфман доктринасының монархияның құлау сәтіне дейін жалғасуын баламалы саяси жоспардың жоқтығы және ұсынылған нұсқалардың кейінге ысырылуымен байланыстырады.

Түркістандағы исламды елемеу саясатының астарлы тұстары ретінде орыстандыру, шоқын-

дыру және жер мәселесі жатқызылуда. Белгілі отандық тарихшы М. Қойгелдиевтің тұжырымдауынша, империя миссионерлік саясатты жүргізу үшін шіркеулер салып, христиандыққа өткендерге жәрдемақы берді. Сонымен қатар, империяның ішкі губернияларынан қоныс аударған орыс шаруаларын қазақтар арасында орналастыру мақсатында селолар ашты (Қойгелдиев, 2004: 156). Әйтсе де, исламға қарсы бағытталған негізгі соққы білім беру ісі арқылы жасалғанын көреміз. Тарихшы бұл жайында былай тұжырымдайды: «Мұсылмандық оқу жүйесіне патша өкіметі тарапынан жасалған кедергілер мен оның салдарлары тек Жетісу халықтарына ғана емес, Ресей империясы құрамындағы мұсылман дініндегі түркі және өзге халықтарға да ауыр тиіп, олардың тарих сахнасында өзіндік ұлттық болмысын сақтап қалуына қауіп төндірді» (Қойгелдиев, 2004: 159).

Мұсылмандық қозғалысты патша өкіметі саясатының контексінде қарастырған отандық ғалым Сәулебек Рүстемовтың пайымдауынша, фон Кауфман қазақтардың наразылығын тудырмас үшін, миссионерлік әрекеттерді жасырын жүргізіп, мұсылмандық мектептерді ығыстыруды көздеді (Рүстемов, 1997: 37-38). Бұл жоспарды жүзеге асыруда орыс-түзем мектептеріне басымдық берілді (Рүстемов, 1997: 35). Сонымен қатар, патша билігі мұсылмандардың көңіл-күйі туралы мәліметтер жинап отырды. С. Рүстемовтың пікіріне сүйенсек, патша өкіметі Түркістанда өз билігін орнатқан соң, жергілікті дінбасылардың ресми мәртебесін жойды. Нақтырақ айтқанда, «дүние-мүлкінен айырылды, қарапайым тұрғындар деңгейіне түсірілді. Вакуфтық құқықтары барынша шектеліп, жер салығы және де басқа да салықтар енгізілді». Нәтижесінде жергілікті элита санатына жататын мұсылман дінбасылары патша өкіметіне қарсы оппозицияға кетті (Рустемов, Шашаева, 2021). Ресейлік тарихшы Т. Котюкова да осындай пікірді ұстанады. Санкт-Петербург пен Ташкенттегі әкімшіліктің Түркістан мұсылмандарына қатысты ортақ ұстанымы болмады. Ал исламды елемеу саясаты дінбасыларды қарапайым мұсылмандармен бірігуіне әкеліп, патша билігіне қарсы қойды (Котюкова, 2016: 124).

Отандық тарихшы З. Сәдуақасова патша өкіметінің үстемдігі кезіндегі мұсылман дінбасыларының көшбасшылық және отаршылық билікке қарсы рөліне өз бағасын берді. Ауыр салық салу, қазақтардың жайылымдық жерлерін орыс шаруаларына беру, ислам дініне қысым жасау, мұсылман мектептеріне тыйым салу және шоқындыру әрекеттері халықтың наразылығын тудырды. Мұсылман дінбасылары автократияның жүргізіп отырған саясатына жиі ашық түрде қарсы шығып, халықты ата-бабаларының дінін, ұлттық мәдениеті мен тілін сақтап қалу үшін күресуге шақырды. Олар жасырын ұйымдарын құрды, хаттар (хабарламалар) жасады, ықпалды адамдармен байланыс орнатуға тырысты және мұсылман саяси қозғалысына белсенді қатысты деп дінбасылардың қызметін талдайды (Садвокасова, 2019: 539).

Отаршылдық саясаты аясында ислам институттарының жағдайына талдау жасаған Н. Нұртазинаның еңбегінде білім беру орындары әрдайым патша шенеуніктерінің жіті назарында болғандығы атап көрсетіледі. XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастап империялық билік жаңа медреселерде орыс тілі оқытылса ғана ашуға рұқсат берді. Мұсылман оқу орындарының құлдырауы империяның исламға қатысты саясатымен ұштасып отырды. Алайда XX ғасырдың басында жәдиттік мектептердің пайда болуы патша билігінің мұсылман білім орындарына қатысты ұстанымын біршама өзгертті. Нәтижесінде жәдиттердің әрекеттеріне тосқауыл қою мақсатында отаршыл билік өкілдері қадимшіл (ескі) дін қызметкерлеріне қолдау көрсете бастайды. Сондай-ақ, автор патша өкіметі мұсылман мектептерінің ішкі әлеуетін жете бағаламады деп есептейді. Өйткені шенеуніктердің басым көпшілігі жергілікті мұсылман халықтарының тілі мен өміріне қызығушылық танытпады (Нуртазина, 2008: 51-52).

Бірқатар отандық зерттеушілер жоғарыда қарастырылған ұстаным аясында өз зерттеулерін жасады деп айтуға болады. Солардың ішінде С. Мәшімбаев, Г. Мәшімбаева, Р. Айтбаева, Л. Биссембаева, А. Нургалиева, О. Мұхатова, Г. Отарбаева патша өкіметінің исламға қатысты саясатының ашық және астыртын қарсы тұстарын орыс шаруаларын қоныстандыру, шоқындыру, білім беру мәселесімен байланыстарады (Мәшімбаев, Мәшімбаева, 2013; Эгамбердиев, 2015; Айтбаева, 2006; Бисембаева, 2019; Нургалиева, 2010; Мұхатова, 2022; Otarbaeva, 2016).

Ортаазиялық тарихшылар Ресей империясының Түркістан өлкесінде исламға қатысты жүргізген саясатына өзіндік бағасын береді. Бірінші кезекте, бұл мәселе әр республиканың ұлттық және мемлекеттік даму жолымен тікелей байланысты. Фон Кауфманның исламды елемеу саясатының астарлы тұстары өзбек тарихшысы

Азим Маликовтың жұмысында жіті зерделенді. Империялық әкімшілік өкілдері өздеріне беймәлім әлеуметтік топтармен соқтығысып, оларды бір-бірінен ажырату үшін түсінікті категорияларға бөлуге талпынды. Жергілікті элитаның негізгі бөлігін әулиелердің ұрпақтары (sacred lineage), соның ішінде ишандар, қожалар, мірлер, т.б. құрады. Патша шенеуніктері олардың халық арасындағы зор беделінен қауіптеніп, ықпалын әлсірету үшін сайланбалы атақтарды енгізді. Бұл қызметтерге беделді әулеттермен байланысы жоқ діни қызметкерлер (non-elite clergy) тағайындалды. Кауфманның өлкедегі жер реформасының мәні де ислам институттарын әлсірету болды. Уақыптық жерлерді (waqf) ретке келтіру және тіркеу желеуімен мемлекет қарамағына өтті. Өйткені жерлердің басым бөлігі дінбасылардың қолында еді (Malikov, 2020: 203-206). Маликовтың бағалауынша, Ресей ортаазиялық хандықтарды өзіне толық бағындырғанға дейін мұсылмандардың ішкі өміріне белсенді түрде араласудан сескенді. Бірақ Орталық Азия толығымен патшаның қол астына өткен соң ислам институттары қыспаққа алынды (Malikov, 2020: 215).

Өзбек ғалымы Хамид Зиёевтің монографиясында уақыптық жерлерді тәркілеу мұсылмандарға қарсы бағытталған саясаттың көрінісі ретінде сипатталады. Түркістан өлкесінде орыс тілінің мәртебесін көтеру жолында орыс-түзем мектептері ашылып, мешіт пен медреселерді қаржыландыруға тыйым салынды. (Зиёев, 1998: 361-362). С. Абраров орыстандыру саясатын Түркістанды отарлаудың бір тетігі деп есептейді. Өңір бюджетінің 4%-ы (879,7 мың сом) ғана ағарту ісіне жұмсалды. Тарихшының пайымдауынша, осы қаржының 260,5 мыңы орыс-түзем мектептерінің қызметіне жұмсалса, қалғаны еуропалық білім орындарының қызметіне бағытталды. Орыс тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, жергілікті тілдердің жағдайы патша өкіметін алаңдатпады. Сондай-ақ орыс шаруаларын қоныстандыру да орыстандырудың бірденбір жолы ретінде зерделенеді (Абраров, 2007: 119).

Ал қырғызстандық тарихшы О. Сумарокова империялық білім орындарының ассимиляциялық саясаттың құралы болғанына күмәнмен қарайды. Патша өкіметі жергілікті мұсылман халықтары арасында еуропалық ғылым мен білімнің жетістіктерін таратуды мақсат етті. Керісінше, ресейлік шығыстанушылар жойылып бара жатқан және әліппесі жоқ тілдерді қағаз бетіне түсірді. Ғалымның еңбегінде империя билігінің Түркістан өлкесіндегі тіл саясатының оң тұстары да болғандығы туралы тұжырым жасалады (Сумарокова, 2015). Ресейлік ғалым М. Рыгалова осы тұста империялық биліктің білім саласындағы саясаты ойластырылған және әр өңірдің ұлттық құрамындағы ерекшеліктері ескерілді деп санайды. Мұсылман мектептеріне шектеулер қойылса да, орыс тілі күштеп оқытылмады (Рыгалова, 2022).

Патша өкіметінің Түркістандағы билігін заңдастыру жолында мұсылман институттарымен байланыс жасау әрекеттері ортаазиялық тарихшылардың назарынан тыс қалмады. Афтандил Эркиновтың пікіріне сәйкес, осының бірденбір жолы – жұма намазда және діни мерекелер кезінде мешіттерде патшаның құрметіне оқылатын хұтба еді. Ташкент әкімшілігі хұтба оқыту арқылы жергілікті мұсылмандардың бойында императорға құрметпен қарау сезімін тәрбиелегісі келді. Алайда жергілікті мұсылман қауымы хұтбаны оқымады. Өйткені Түркістан мұсылмандары үшін патша жат дінді ұстанды және отарлаушы (колонизатор) болды (Эркинов, 2013: 128). Ал Б. Бабаджановтың монографиясында Кауфманның исламды елемеу саясаты мұсылмандармен ымыраға келу талпынысы ретінде көрсетіледі. Өйткені бұл саясат империялық биліктің мұсылмандардың ішкі өміріне араласпауының кепілі болды. Екінші жағынан, жергілікті діни элита өзінің дәстүрлі, үстем құқықтарын сақтап қалды (Бабаджанов, 2010: 530-531).

Баходир Пасилов орыс патшалығының Түркістан өлкесіндегі исламға қатысты саясатын саралай келе, құнды тұжырымдар жасайды. Біріншіден, патша өкіметі Орталық Азияның саяси және әлеуметтік даму жолын өзгертіп, жергілікті халықтардың өміріне ықпал етті. Өз мүддесін көздеген Ресей билігі мұсылман қауымының саяси-әлеуметтік, экономикалық және рухани өміріне бағытталған түрлі реформалар жүргізе отырып, ислам дінінің қоғамдағы маңызын төмендеткісі келді. Әйтсе де, ислам негіздері өзгеріске ұшырамады (Pasilov, 2022: 138).

Көршілес Орталық Азия ғалымдары Ресей империясының исламға қатысты саясатының түрлі аспектілері мен құбылмалы тұстарын зерттеуде сүбелі үлесін қосты. Жұмысымызда барлық жұмыстарға жеке тоқталуға көлемі жағынан мүмкін болмаса да, мынадай жалпы қорытындыларға келуге болады: патша өкіметінің ислам институттарына қысым жасауы

уақыптық жерлер мен білім беру мекемелерінің ішкі өміріне араласуы арқылы айқындалады (Radjabov, 2007; Juraev, 2020: Yusupova, 2021). Империялық билік Түркістан өлкесіне орыс шаруаларын көшіру арқылы баяу, әрі астыртын орыстандыру саясатын көздеді (Ташболотова, 2010; Sodiqov, Jo'raev, 2011; Авазов, 2013).

Қазіргі тарихнамада қарастырылып отырған тақырып аясында құнды тұжырымдамалар мен ақтаңдақтары ашылып жатқанын байқаймыз. Әсіресе, империялық биліктің Түркістан өлкесіндегі саясаты геосаяси, ішкі факторлар мен түрлі стратегиялармен байланысты болды. Осылайша, отандық және көршілес Орталық Азия тарихшылары бұл мәселенің теріс және астарлы тұстарын ашып көрсетеді. Өйткені мұсылман халықтары отаршылдықтың тауқыметін көрді.

*1898 жылғы Әндіжан көтерілісі: отарлық саясат және жергілікті мұсылмандар*

1898 жылы Ферғана өңірінің Әндіжан жерінде Дукчи ишан бастаған көтеріліс империялық билік өкілдері үшін күтпеген оқиға болды. Ресей шығыстанушылары көтерілістің себептерін сол мезеттен бастап зерделей бастады. Кейінірек, кеңес билігі тұсында Әндіжан оқиғасы таптық теория тұрғысынан зерттелді. Өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап идеологиялық бірбеткейліктің орнына пәнаралық әдістердің қажеттілігі және құпия болып келген архивтік деректердің ашылуы қарастырылып отырған мәселеге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік берді.

Белгілі өзбек тарихшысы Хамид Зиёев отаршылдық биліктің өресіз басқаруын, байлық көздері орыстардың қолына өтуімен қатар дін өкілдеріне қысым жасауын Әндіжан көтерілісінің алғышарттары ретінде көрсетеді. Әскери губернатор А. Абрамов діни қызметкерлердің беделінен қорқып, билік өкілдеріне бағынбаушылық білдіргендерді Сібірге айдауға бұйрық берді. Ал Дукчи ишанның көтерілісі мұсылмандардың бостандық пен тәуелсіздікке және мемлекет құруға деген талпынысы тұрғысынан сипатталады (Зиёев, 1998: 383-394).

